

Кәсіподақ ұйымдарының 2023 жылғы ұжымдық-шарт жұмысының қорытындысы туралы АҚПАРАТ

2023 жылы ұжымдық-шарт науқаны «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіптік одағы» ҚБ (бұдан әрі - Кәсіподақ) қызметінің 2019-2024 жылдарға арналған бағдарламасында айқындалған мақсаттар мен міндеттерге, Кәсіподақтың басқару органдарының тиісті шешімдері мен қаулыларына сәйкес өткізілді.

Есепті жылы салалық деңгейде қызметкерлер үшін еңбек, жұмыспен қамту және әлеуметтік кепілдіктер жағдайларын белгілеу бойынша әлеуметтік әріптестік туралы екі келісім жасалды:

-2023 жылғы 19 сәуірде 2023-2024 жылдарға арналған Ғылым және жоғары білім беру саласында;

- 2023 жылғы 25 желтоқсанда 2024-2026 жылдарға арналған Оқу-ағарту саласында.

Қазіргі уақытта Кәсіподақтың барлық мүшелік ұйымдарында өңірлік деңгейде білім беруді басқару органдарымен жасалған тиісті келісімдері бар.

Сонымен, 2024 жылғы 1 қаңтарға оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім салаларында барлығы **120** келісім қолданылды, оның ішінде:

- республикалық деңгейде жасалғандар - **2**;

- облыстық, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада - **19**;

- облыстық маңызы бар қалалар мен аудан деңгейінде - **99**.

Кәсіподақта **8392** бастауыш кәсіподақ ұйымдары құрылды.

2024 жылғы 1 қаңтарға бастауыш кәсіподақ ұйымдарымен жасалған ұжымдық шарттардың саны - **8355** (8640) құрайды. Есепті жылы - **1314** (1602) шарт жасалды, **1509** - ұжымдық шарттың қолданылуы ұзартылды. **37** - ұжымдық шарт бойынша келіссөздер жүргізілуде.

Ұжымдық шарттардың қолданыс аясы – **580 918** қызметкерге, оның ішінде кәсіподақ мүшелері - **571 681**, кәсіподақ мүшелері болып табылмайтыны - **9 237** қызметкерге қолданылады.

Ұжымдық шарттардың мазмұнын талдау, ұжымдық шарттардың ережелері неғұрлым маңызды мәселелердің кең ауқымын қамтитынын көрсетеді: еңбекақы; жұмыс уақыты мен демалыс уақытының режимі; жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету; еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі; қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін сауықтыру; әлеуметтік жеңілдіктер, кепілдіктер, өтемақы төлемдері; кәсіподақ қызметінің кепілдіктері.

Ұжымдық шарттың басты көрсеткіштерінің бірі, ол белгілейтін әлеуметтік топтаманың мөлшері болып табылады.

2023 жылдың қорытындысы бойынша жұмыс берушілердің ұжымдық шарттарды орындауға жұмсаған шығыстарының жалпы сомасы - **7 097 070 871** теңгені құрады, бұл алдыңғы кезеңмен салыстырғанда - **68%** артық немесе **4 816 523 419** теңгеге артық.

Жекелеген өңірлер бойынша:

Жамбыл облыстық кәсіподақ ұйымы бойынша жұмыс берушілердің шығындары - 2 890 901 131 теңге. Шығындар келесіге бағытталған:

- әдістемелік, циклдік және пәндік комиссияларды басқарғаны үшін педагогтерге қосымша ақы төлеу;
- мұрағатпен жұмыс істегені үшін, егер мұрағатшының штат бірлігі көзделмесе, оның ішінде қызметшілерге, іс жүргізушілерге, кадрлар бөлімінің инспекторларына және басқа да мамандарға қосымша ақы төлеу;
- лауазымдарды қоса атқарғаны үшін қосымша ақы (қызмет көрсету аймағын кеңейту): білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне, оның ішінде *іс жүргізушілерді, бухгалтерлерді* еңбек шартында және лауазымдық нұсқаулықта көзделген өзінің негізгі жұмысымен қатар, жұмыс күнінің белгіленген ұзақтығы ішінде қызметкердің лауазымдық жалақысының кемінде – 50% қосымша жұмысты орындауға байланысты қызмет көрсету аймақтарын кеңейткені үшін;
- Бухгалтерия қызметкерлеріне лауазымдық жалақысының 30% мөлшерінде қосымша төлеу;
- кітапханашыларға лауазымдық жалақысынан 35% мөлшерінде қосымша ақы төлеу;
- қызметтік үй-жайларды тазалаушыларға сауықтыру жәрдемақысы.

Шығыс Қазақстан облыстық кәсіподақ ұйымы бойынша 1 миллиард теңгеден астам:

- біліктілігі жоқ еңбек қызметкерлеріне сауықтыру жәрдемақысы;
- барлық қызметкерлерге экологиялық жәрдемақы және экологиялық демалыс төлеу (экологиялық куәліктің болмауы немесе болуы);
- механиктің жұмысы үшін мектеп автобустарының жүргізушілеріне жүргізушінің жалақысынан 50% қосымша ақы төлеу;
- ауылдық жерлердегі жұмыс үшін және Мемлекеттік сатып алу бойынша жұмысты қоса атқарғаны үшін бухгалтерлерге 25% қосымша ақы төлеу;
- сабақ жүргізгені үшін магистр дәрежесі бар мектеп директорлары мен директордың орынбасарларына қосымша ақы төлеу;
- бастауыш кәсіподақ ұйымдарының босатылмаған төрағаларына қосымша 5 күн ақылы демалыс;
- мектептеде жөндеу жұмыстарына қатысқаны үшін біліктілігі жоқ қызметкерлердің демалысына қосымша ақылы күндер 5-6 күн.

Павлодар облыстық кәсіподақ ұйымы бойынша – 523 353 931 теңге:

- экологиялық аймақта тұратын қызметкерлерге экологиялық жәрдемақы және экологиялық демалыс төлеу (экологиялық куәліктің болмауы немесе болуы);
- кәсіподақ ұйымдарының босатылған төрағаларына, еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларына 6 күнге дейін;
- өндірістік кеңес мүшелеріне, медицина қызметкерлеріне, кітапханашыларға, аудандық, қалалық (мектеп) әдістемелік бірлестіктердің, техникалық және кәсіптік білім беру әдістемелік бірлестіктерінің басшыларына, бас бухгалтер, бухгалтерге 3 күнге дейін жыл сайынғы қосымша ақылы еңбек

демалыстары;

- бір қызметкерге 6360 теңгеден 30630 теңгеге дейін отын сатып алуға өтемақы төлемдері.

Астана қаласы білім беру қызметкерлерінің кәсіподағы бойынша – 466 284 900 теңге:

- кәсіподақ мүшелері болып табылатын білім беру ұйымдарының біліктілігі жоқ жұмысшыларына ең төменгі жалақы мөлшерінде сауықтыруға жәрдемақы төлеу - 418 530 000 теңге;

- Семей полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккендерге радиациялық қауіпті аймақтар бойынша қосымша демалыс - 47 754 900 теңге.

Солтүстік Қазақстан облыстық кәсіподақ ұйымы бойынша – 432 001 800 теңге:

- міндетті мерзімді медициналық тексеруден өту - 221 020 800 теңге;
- санаторийлерде (ересектер мен балалар)сауықтыру үшін – 93 246 300 теңге;

- коммуналдық қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша өтемақы төлемдері (13 ауданда) - 73 326 300 теңге;

Батыс Қазақстан облыстық кәсіподақ ұйымы бойынша - 362 955 373 теңге.

Ақтөбе облыстық кәсіподақ ұйымы бойынша - 291 163 017 теңге.

Қарағанды облыстық кәсіподақ ұйымы бойынша - 254 760 111 теңге.

«Қорғау» Қостанай облыстықкәсіподақ ұйымы бойынша - 135 823 596 теңге.

Қызылорда облыстық кәсіподақ ұйымы бойынша - 21 530 697 теңге.

Маңғыстау облыстық кәсіподақ ұйымы бойынша - 552 456 000 теңге.

Барлық деңгейдегі кәсіподақ органдарының алдына жасалатын ұжымдық шарттардың санын ұлғайтумен қатар олардың сапасын арттыруға қол жеткізу, осы құқықтық актілерге кәсіподақ мүшелері - қызметкерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелерінде әлеуметтік бағыттылық пен маңыздылық беру, тараптар алған міндеттемелердің орындалуына пәрменді бақылауды қамтамасыз ету міндеті қойылды.

Сала ұйымдарының ұжымдық шарттарының мазмұнына жүргізілген талдау олардың көпшілігінде еңбек ұжымдарының тұрақты жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі шаралармен қатар өмір сүру деңгейін, жұмыспен қамтуды, еңбекті қорғауды, жалақыны уақтылы төлеуді, қызметкерлер мен олардың балаларын сауықтыруды арттыру жөніндегі шаралар көзделгенін көрсетті.

Сондай-ақ, мүмкіндігінше қосымша кепілдіктер мен әлеуметтік жеңілдіктер қарастырылуда, атап айтқанда, техникалық қызметкерлердің демалысы кезіндегі сауықтыру жәрдемақылары, еңбек демалысы үшін

қосымша ақы төленетін күндер, бухгалтерлердің жалақысына үстемеақылар, коммуналдық қызметтер үшін өтемақылар, сыйлықақылар, аз қамтылған және көп балалы отбасыларға, зейнеткерлерге көмек көрсету, балалардың оқуына несие бөлу және т.б.

Ұжымдық шарттардың көпшілігінің күші оның атынан қойылған қызметкерлерге, яғни ұжымдық шарттарға уәждемелік бағыт беретін кәсіподақ мүшелеріне ғана қолданылады.

Кәсіподақтың Орталық Комитеті 2023 жылы еліміздің барлық өңірлерінде филиалдары бар «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ-мен жүйелі маңызды бірыңғай ұжымдық шарт жасады.

Кәсіподақ органдары жұмыс берушілер мен қызметкерлердің мүдделерін келістірудің жаңа тиімді нысандарын қарастыруды жүргізуде. Кәсіподақтың жекелеген мүшелік ұйымдарының бір аудан, облыстық маңызы бар қалалар шеңберінде оқу-ағарту саласының мемлекеттік ұйымдарына бірыңғай ұжымдық шарт жасау тәжірибесінің тиімділігі көрінді. Мұндай тәжірибені алғашқылардың бірі болып Жамбыл облысында енгізіліп, сәтті сыналды. Тәжірибе Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарының ұйымдарында таратылуда.

Әлеуметтік-еңбек қатынастарды ұжымдық шарттық реттеуде толық шешімі табылмаған мәселелер қатары келесідей:

- жұмыс берушілердің өз міндеттемелерін орындау үшін жауапкершілігінің төмендігі, салалық келісімдердің, ұжымдық шарттардың жекелеген ережелерін сақтамауы;
- бюджеттік ұйымдарды қаржыландырудың шектелуі;
- мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындарды шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорындарға қайта құру процестері;
- жұмыс берушілер тарапынан қарсылықтың жекеленген жағдайлары, ұжымдық шарттар жасасудан жалтару немесе келіссөздер процесін кейінге қалдыру, келісімдердің ережелерін жүзеге асыруға таңдаулы көзқарас;
- ұжымдық шарттардың талаптарының орындалуына тиісті бақылаудың болмауы;
- әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссиялар қызметінің тиімсіздігі;
- қызметкерлердің әлеуметтік енжарлығы, өз мүдделерін ұжымдық қорғауға ұмтылмауы, ұжымдық шарттың маңыздылығын бағаламау, ұйымдардағы жұмыс берушінің үстемділігі, білім мен тәжірибенің жетіспеушілігі.

Салада Кәсіподақтың құқықтық инспекторлары тараптардың барлық деңгейдегі әлеуметтік әріптестік туралы ұжымдық шарттар мен келісімдер бойынша міндеттемелерін орындауына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады.

Кәсіподақ ұйымдарының барлық санынан қоғамдық бақылауды жүргізуді бойынша ең көп қамту пайызы Жамбыл - **64,1%**, Павлодар -

55,8%, Ақтөбе - **40,3%**, Қызылорда - **33,4%**, Қарағанды - **29,4%**, Атырау - **24,6%** облыстары мен Астана қаласына **21,7%** тиесілі.

Қоғамдықбақылау жүргізу ең төмен қамтылғанын ұйымдарды атап айтсақ: Түркістан - **1,5%**, Маңғыстау - **4,6%**, Жетісу - **8%**, Ақмола - **8,7%**, Шымкент - **8,3%** және «Ұстаз» Алматы қалалық ұйымдарында - **5,9%**. Сонымен, есепті жылы еңбек заңнамасының орындалуына қоғамдық бақылау жүргізуді қамту жалпы республика бойынша - **25,2%** құрады.

Жалпы, 2023 жылы ұжымдық-шартты жұмысын ұйымдастыру бөлігінде мүшелік ұйымдардың басқару органдарының алдына қойылған міндеттері орындалды. Ұйым деңгейінде қызметкерлерді тиімді қорғау, олардың еңбек жағдайларын, жұмыс орындарындағы қауіпсіздікті жақсарту қамтамасыз етілген.

**Кәсіподақтың Орталық Комитеті Аппаратының
құқықтық жұмыс, ЕҚ және ЕҚ бөлімі**